

Құрметті Жас достар! Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөліміне жаңадан келіп түскен әдеби кітаптармен танысыңыздар!




Əли, А. М. Анатомия [Мәтін] : [толықтырылған шынайылық] / А.М. Əли. - Астана: Big Dream, 2018. – 39 б.

Адам анатомиясы – организм, ағза мен жүйкелердің құрылымын зерттейтін ғылым. Шынайлықпен толықтырылған “Анатомия” кітабі пайда болуымен, адам денесінің құрылымы туралы қызықты пән жеңіл және қолжетімді болып қалды. Шынайлықпен толықтырылған “Анатомияның” беттерінен сіздер органдардың 3D-моделін қарап, олардың құрылымын зерттеп, қалай жұмыс істейтіндерін біле аласыздар.




Əли, А. М. Қазақ жерін мекендеген алып жануарлар=Вымершие гиганты Казахстана [Мәтін] : виртуалды кітап / А.М. Əли. - Астана: Big Dream, 2018. – 36 б.

«Қазақ жерін мекендеген алып жануарлар» атты виртуалды кітаптың беттерінде көне замандағы жыртқыш тиранозавр, алып-мамонт пен мүйізтұмсық тіріліп, ғажайып кезеңді көз алдына келтіреді. Уақыт бойынша саяхат жаса және тарихтан бұрынғы жануарлармен фотосуретке түс! Жаныңда тарихта аты ғана қалған динозавр серуендеп жүргенін тамашала!



Əли, А. М. Көк бура [Мәтін] : Бурабай аңыздары / А.М. Əли. - Астана: Жасыл Орда, 2013. – 28 б.

Бұл кітапта Бурабай табиғатының сұлулығына тамсанған автордың өз ойынан туындаған аңыз-оқиға баяндалады. Мұндағы әрбір тау кескіні өзіндік сырға толы. Туынды желісі Бурабай мен Жеке батыр тауларының негізінде өрбиді. Аңыз бейнелерін, Батыр мен бураның жатқан жерлерін кітаптың сонында келтірілген қосымшадан көруге болады.



Баймұхаметов, Айгиз. Тастамашы, ана! [Мәтін] : хикаяттар / А. Баймұхаметов ; башқұрт тілінен ауд.: С. Қамшыгер. - Алматы: Кітап, 2019. – 320 б.

Бұл кітапта башқұрт жазушысы Айгиз Баймұхаметов ата-анасынан айырылған жетім балалардың аянышты тағдырын баяндайды. Балалар үйіндегі ұл-қыздардың өмірі қарапайым, оқырманға түсінікті тілде суреттеледі.

Жазушы бас кейіпкер Ілиястың жан дүниесін ашу арқылы бүгінгі қоғамның бет-бейнесін көрсеткісі келген. Кітапты оқыған балалар ата-ананың қадірін түсініп, бақытты аялауды үйренеді. Үлкендер жас ұрпақтың мейірімге зәру екенің ұғынады.

Кітап балалар мен жасөспірідерге, барша оқырман қауымға арналған.




Битенова, Ү. Балабақшадан басталған [Мәтін] : автобиографиялық мемуар. 1 кітап / Ү. Битенова. - Алматы: ЖК "Сакенова", 2022. – 320 б.

«Балабақшадан басталған» - кеңестік кезеңнің өткен дәуірдегі 60-80-жылдарын қамтитын, ауыл қызының ауыр тағдыры туралы үш бөлімнен тұратын деректі-хронологиялық мемуар. Стилінде сөйлеп тұрған детальдары бар, әдемі бір иірімдер бар, аздан көркемдік бояу жағылып, реңк берілген автобиографиялық кітап. Қою-қою оқиғалар кездесетін, қызықты жайттар көрініс тапқан шығарманың жазылуы қарапайым, тілі жалықтырмайды.



Баймұхаметов, Айгиз. Көше балалары [Мәтін] : хикаят / А. Баймұхаметов ; ауд. С. Қамшыгер. - Алматы: Самға, 2020. – 120 б.

Осыған дейін жетім балалардың аянышты тағдыры жайлы «Тастамашы, ана», «Ертегісіз өткен балалық» кітаптарымен оқырманның көзайымына айналған башқұрт жазушысының осы кітабында ата-ана жылуынан мақұрым қалған, әлеуметтік ортадан өз орнын таба алмаған, қаңғырып жүріп күн кешкен көше балаларының басынан өткен сан қилы азап-қорлықтары мен жабайы тұрмысы қарапайым тілмен баяндалған. Автор көшеде жүрген қаңғыбас балалар тақырыбын бірнеше жылзерттеп, сондай балалармен сөйлесіп, тілдесіп барып, олардың өмірін, сан қилы тағдырларын саралап, зерделеп барып осы шығармасын жазған.




Досжан, С. Ауылдан шыққан миллионер [Мәтін] : [хикаят] / С. Досжан. - бірінші кітап. - Алматы: Нұрлы Әлем, 2021. – 144 б.

Жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» хикаятында еңбектің қадірін, жастайынан нарықтың талабын біліп өскен Жомарттың жетістіктері шынайы оқиғалармен өрбіген.

Автор осы шығармасы арқылы қазақтың бизнес бастауға ниетті жастарына жол көрсетеді, «Юай болсам!» - деп армандаған балаға рухани тәлім береді.

Автордың өзі армандағандай, әр қазақтың баласы бай болып, мақсатына жетуге тиісті. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – солар!



Домбайжы, Н. Қабағы тұнжыр балақай немесе ормандағы ерекше оқиға [Мәтін] / Н. Домбайжы ; ауд. Ә. Рыспаев. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 192 б.

Бұл перзентханада бұрын-соңды мұндай бала дүниеге келмеген еді. Себебі ол кәдімгі балалар сияқты жыламады. Тіпті медбике жуындырғанда да, киіндіргенде де қыңқ еткен дыбысы шықпады.

Бірақ ең танданарлық жағдай – баланың қабағы тым тұнжыранқы еді. Кішкентай сәби айналасының біәріне жақтырмаған кейіппен қарап жатқан.



Қожанасыр хикаялары [Мәтін] / ауд.: Оңалбек Кенжебек. - Астана: Аударма, 2007. – 456 б.

«Қожанасыр былай депті», «Әй, Қожанасыршылап кеттің бе?», «Әй, өзің де бір Қожанасыр екенсің ғой», «Қожанасырлығым ұстап» деген астырлы тіркестердің түп төркіні, мағынасы көпке аян. Ғалымдар Қожанасырды «Түркияда туған, сонда дүниеден өткен, мазараты да сонда», - деп жүр. Бірақ Қожанасырдың санамызда қалыптасқан көркем бейнесі барша түркі, Орталық, Орта Азия халықтарына ортақ.




Қалиұлы, С. Құйғыт, қане, тұлпарым [Мәтін] : балаларға арналған ертегілер / С. Қалиұлы. - Алматы: Өнер 21-ғасыр, 2021. – 168 б.

Сұлтан Қалиұлы – бүкіл шығармашылық өмірін балаларға арнаған аса көрнекті қазақ ақыны. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан кейін ол балалар тақырыбына жыр жазған қазақ қаламгерлерінің алдыңғы сапында болды. Оның қаламынан туындаған жырларды Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ұландар, балалар мен жасөсіпірідер әрдайым жатқа айтып келеді. Ақын алғашқы шығармашылық жолын Қазақ радиосының балалар редакциясында бастады.




Лондон, Жэк. Қасқыр. Киш туралы аңыз [Мәтін] / Ж. Лондон ; ауд. Ә. Мұхтар, Рақым. - Алматы: Отбасы хрестоматиясы, 2021. – 64 б.

Кітапқа америкалық жазушы Ж. Лондонның «Қасқыр» және «Киш туралы аңыз» атты шығармалары енген. Балалардың тіліне ыңғайлап, ықшамдалып берілген. Бұл кітаптар алғаш рет 1936 және 1937 жылдары жарық көрген екен. Соны қайта өңдеп, ұсынып отырмыз. Бұл кітап көкірегің құндылыққа толтырғысы келетін оқырманға арналады.




Лондон, Дж. Ақ азу [Мәтін] : повесть / ж. Лондон Д ; ауд. Ә. Қабылов. - Алматы: Мазмұндама, 2022. – 268 б.

Америка әдебиетінің классигі Джек Лондонның шатырман оқиғалы повесінде қасқыр мен иттің бөлтірігі – Ақ Азудың басынан өткен оқиғалары суреттеледі. Көзін ашып, қатыгез ортаға тап болған ол бірнеше мәрте өлім аузынан аман қалып, тіршілік заңымен етене танысып, адамдардан пана табады. Автор әлемге Ақ Азудың көзімен қарайды, Ақ Азу болып жақсы көреді. Кітап адам мен тұз тағысы арасындағы жүрек тебіrentкен махаббат пен адал достықтың құдіреті туралы.



Линдгрен, Астрид. **Ұзыншұлық Пиппи [Мәтін] : [хикаят] / А. Линдгрен ; ауд. М. Сембайқызы. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 120 б.**


Әлемдегі әйгілі балалар жазушысы Астрид Линдгреннің аталмыш еңбегі Швецияда «Балақай және шатырда тұратын Карлсон» кітабынан әлдеқайда танымал екенін біреу білсе, біреу біле бермес. Қаламгердің Карин атты қызы ауырып қалғанда, әр кеш сайын көңілін аулау мақсатында ойлап шығарған әңгімесі кейіннен қызықты хикаятқа айналды. Айтқанға көнбейтін баланың психологиясын негізге ала отырып жазылған шығарма бұл күнге дейін әлемнің 80-ге жуық тіліне аударылған. Қазақ тіліне алғаш рет ағылшын тілінен аударылып отырған «Ұзыншұлық пиппи» қазақ тілінде кітап оқитын оқырман қауымныңда әдебиет пен кітапқа деген құрметін еселендіреді деп үміттенеміз.



Мамин-Сибиряк, Д.

Асыранды аққу [Мәтін] : [әңгімелер] / Д. Мамин-Сибиряк ; ауд. Ә. Марғұлан. - Алматы: Отбасы хрестоматиясы, 2021. – 64 б.

Кітапта орыс жазушысы Дмитрий Мамин-Сибиряқтың «Асыранды аққу», «Емеля аңшы», «Кім жыртқыш?», «Сұр мойын» атты шығармалары енген. Онда адам мен жабайы табиғат, жануарлар, құстар арасындағы байланыс әңгімеленеді. Бұл әңгімелер алғаш 1927-1936 жылдары қазақ тіліне аударылып, жарияланған. Біз сол нұсқаларды қайта өңдеп, ұсынып отырмыз. Бұл кітап көкірегің құндылыққа толтырғысы келетін оқырманға арналады.



Роллан, Р. Жан Кристоф [Мәтін] : роман / Р. Роллан ; ауд. Ысқақ; сурет. А. Могилловский. - Алматы: Орхон, 2020. – 52 б.

Кітапта француз жазушысы Ромен Ролланның «Жан Кристоф» атты романы балалардың тіліне ыңғайлап, ықшымдап берілген. Музыкаға жаны құмар бүлдіршіннің алғаш рет музыка әлемімен танысқаны, жас композитор атанғаны, тұңғыш рет сахнада өнер көрсеткені қызықты сюжеттер арқылы өріліп ұсынылады.

Бұл кітап көкірегің құндылыққа толтырғысы келетін оқырман қауымға арналады.




Сәттібайұлы, К. Бірлікті іздеген бала немесе Ұлыстың ұлы күні болған оқиға [Мәтін] : діни-пәлсапалық ертегі / К. Сәттібайұлы. - Алматы: Қазығұрт, 2022. – 20 б.

Дүние тозаңнан топыраққа айналып, жұмыр жер жаралғалы бері балалардың кесірінен бір де бір соғыс өрті тұтанбапты. Соғысқұмарлар тек қана ересектер екен. Ересек болғанда, анау-мынау емес, әр елдегі «№1» ересектер. Содан кейін, ынтымағы, береке-бірлігі жоқ елде талас-тартыс, соғыс көп болады.

Ертегі кейіпкері Діннұр да осылай ойлайды және барлық балалар сияқты ол да соғысты жек көреді.


Қысқасы, «Бірлікті іздеген бала» атты ертегі кейіпкері Діннұрдың іздегені – бірлік, ынтымақ, достық. Жақсылыққа жақсылықпен жауап беру. Жазушы осыны тапқырлықпен, қызықты оқиғалармен тамаша жеткізе білген.



Стейнбек, Д. Тышқандар мен адамдар туралы [Мәтін] : [повесть] / Д. Стейнбек ; ауд. Б. Бабаш. - Алматы: Мазмұндама, 2021. – 128 б.


Болмыстары бір-біріне мүлдем ұқсамайтын екі адамның арасында достық болуы мүмкін бе? Біреуі – өмір сүруге бейімсіз, бірақ алып күштің иесі Ленни, екіншісі – ақылды бола тұра балалық бейнесінен алыстай алмаған Джордж. Оларға ортақ не бар? Бәлкім, қарапайым адами бақытқа жетуді көздеген аңсар-арманның орындаларына деген сенім шығар...

Америка жазушысы, Нобель сыйлығының иегері Джон Стейнбектің «Тышқандар мен адамдар туралы» повесі әлем әдебиетінің жауһарлары санытында. Алғашқы сөйлемінен-ақ тылсым әлемнің тереңіне тартатын туындыда кейіпкерлер мінезі айқын суреттелген.



Сэлинджер, Дж. Жар жағалаған жалғыз [Мәтін] : роман / ж. Сэлинджер Д ; ауд. А. Смайыл. - Алматы: Мазмұндама, 2021. – 196 б.

Америка әдебиетіндегі Сэлинджер шығармашылығы – тұманды жарып шыққан күндей құбылыс. Ол сирек жазды, бірақ талғаммен жазды. Ағылшын тілінде жазылған XX ғасырдың ең үздік 100 романы тізіміне енген «Жар жағалаған жалғыз» романы қазіргі заманның классикасына айналып, әлем тілдеріне жарыса аударылып, 65 миллионнан астам данасы сатылған. Шығарманы оқып отырып 16 жасар Холденнің сезімтал көзімен қазіргі қоғамның шындығын көресіз.




Сьюэлл, А. Сүлікқара [Мәтін] : [хикая] / А. Сьюэлл ; ауд. М. Нұрмолда. - Алматы: Мазмұндама, 2021. – 300 б.

«Сүлікқара» - тағдырлы ағылшын жазушысы Анна Сьюэллдің жалғыз кітабы, қаламгер осы еңбегі арқылы әлемге танылды. Басты кейіпкер – асылтұқымды ағылшын атының қилы хикаясы оқырманды ХІХ ғасырдың ортасына жетелейді. Оқиға желісі өте тартымды, қысқа әңгіме негізінде жазушы ағылшын жылқысының тағдырын шебер суреттейді. Автор жылқы жануарын жақсы көру арқылы әлемге қайырым шапағатын, меірім шуағын төккісі келеді, адамзатты соған үндейді. Кітап өте әсерлі жазылған, суреткердің шеберлігі оқырманды тәнті етеді.




Уэллс, Г. Уақыт машинасы [Мәтін] : [роман] / Г. Уэллс ; ауд. Г. Исмағұлова. - Алматы: Мазмұндама, 2021. – 156 б.

Әйгілі автор Г. Уэллстің бұл романы адамзаттың болашағын болжауға негізделген классикалық туынды. Шығарма әлем оқырмандарына үшөлшемді кеңістікте ғана емес, уақытты бойлап сапар шегуге болатынына сендірген әрі шабыттандырған дүние. Бас кейіпкер бірнеше мыңжылдықты қамтитын – келешекке баратын көлікпен саяхат жасап, айналасын қайран қалдырады. Алайда адам баласына қатысты болашақтың бұлдырлығы пессимистік тұжырыммен біткен. Оқырманға қызықты болар тұсы-оқиғалардың барынша шиеленісті де қисынға бойсұндыратын хикаялары мен шынайылығы – саналы кеңейтетін үлкен олжа болмақ.



Үсенбаев, Б. Тәуелсіздік деген не? [Мәтін] : [өлеңдер мен ертегілер] / Б. Үсенбаев. - Алматы: ЖК "Тарпанбаева А.Ш.", 2022. – 240 б.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, белгілі ақын Болат Үсенбаев – қазіргі балалар әдебиетінің өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген қаламгерлердің бірі. Ол ұзақ жылдар республикалық «Ақ желкен» және «Балдырған» журналында қызмет етті. Өлеңдері балабақша және мектеп оқулықтарына, балалар поэзиясының антологияларына енген.



Хамзеұлы, А. Ақ жол [Мәтін] : [тандаулы әңгімелер] / А. Хамзеұлы. - Алматы: Балалар әдебиеті, 2022. – 160 б.

Белгілі балалар жазушысы Айсә Хамзеұлының есімі оқырмандарға жақсы таныс. 2004 жылы «Денсаулық» журналы жариялаған балаларға арналған бәйгеде оның екі шығармасы екінші және үшінші жүлделі орынды жеңіп алған. Облыстық қаламгерлер арасындағы балаларға арналған үздік шығармалар байқауында да жүлделі орын алып жүр.